**Дәріс кешені**

| | |
|---|---|
| **Модуль:** | «Қалыпты ас қорыту және эндокриндік жүйелер» |
| **Пән:** | «Сәулелік диагностика негіздері» |
| **Модуль коды:** | PESN 2208 |
| **ББ атауы:** | «Медицина» |
| **Оқу сағатының көлемі/кредиттер:** | 15/0,5 |
| **Курс және оқу семестрі:** | 1/II |
| **Дәріс:** | 1 |

Шымкент – 2023

Дәріс кешені «Қалыпты ас қорыту және эндокриндік жүйелер» пәннің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес құрастырылған және кафедрада талқыланды.

Хаттама №1а «05» 09 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі: Касаева Л.Т.

**1. №1. Тақырып:** Ас қорыту жүйесінің сәулелі диагностикасының негізгі принциптері

**2. Мақсаты:** Студенттерді ас қорыту мүшелерінің визуалды диагностикасымен таныстыру. Өңештің, асқазанның, ұйқы безінің, аш және тоқ ішектерінің рентгенологиялық ерекшеліктері. Ас қорыту жүйесінің рентгенологиялық зерттеу әдістерін оқыту.

**3. Дәріс тезисі:** Ас қорыту жүйесінің ауруларын рентгенологиялық зерттеу әдістеріне іш қуысының жалпы рентгенографиясы, өңештің, асқазанның және он екі елі ішектің рентгеноскопиясы, ішектегі барийдің пассажын зерттеу, ирригоскопия әдістері жатады.

Іш қуысының жалпы рентгенографиясының негізгі көрсеткіштеріне қуыс ағзаның перфорациясына күдік пен ішектік бітеліс жатады.

Өңеш рентгеноскопиясының көрсеткіштеріне рефлюкс-эзофагитке және диафрагмалды грыжаға күдік, ісіктің тараған аумағын анықтау (ЭГДСпен анықтағанда), өңештің күйіктері мен тарылуы, өңештің перфорациясына күдік
жатады.

Асқазан және он екі елі ішек рентгеноскопиясының көрсеткіштеріне асқазан және он екі елі ішектің жарасы, ісіктің асқазанда тараған аумағын анықтау (ЭГДСпен анықтағанда), асқазан-ішек жолдарының жоғарғы бөліктеріне жасалған отадан кейінгі жағдайды бақылап зерттеу жатады.

Ирригоскопияның көрсеткіштеріне тоқ ішектің ісіктері, тоқ ішектің дивертикулезі, деструктивті колиттер (Крон ауруы, спецификалық емес жаралы колит) жатады.

Контрасты заттар: газ, барий сульфаты, суда еритін контрасты заттар (қуыс ағзаның перфорациясына күдіктенгенде қолданады).

Негізгі рентгенологиялық симптомдар: тарылу мен деформация, саңылаудың кеңеюі, толу кемістігі мен контрасты заттың депосы, кілегей қабығының бетінің өзгеруі, перистальтикасы мен созылғыштығының бұзылуы, контрасты заттың қуыс ағзадан асып кетуі.

Өңеш толуының сатылары: тығыз толуы, қос контрасттау, кілегей қабаттың беті, өңештің толық босауы.

Өңешті рентгенологиялық зерттеу әдісінің көмегімен дивертикулдарды, ахалазияны, кардиоспазмды, кардия жетіспеушілігін, диафрагмадағы өңеш тесігінің грыжасын, өңештің қатерсіз және қатерлі ісіктерін анықтауға болады.

Қатерсіз ісіктердің рентгенологиялық симптомдары: шеткері немесе орталық толудың бұзылуы, шеттері тегіс және анық емес, кілегей қабаттың қатпарлары сақталған, қабырғасының созылғыштығы мен жиырылғыш қабілеті сақталған, супрастенотикалық кеңеюі жоқ.

Қатерлі ісіктердің рентгенологиялық белгілері: шеткері немесе орталық толу дұрыс емес, келбеті ирек немесе қисық доғал пішінді. Саңылаудың біркелкі емес тарылуы және деформациясы, қабырғалардың қаттылығы, кілегей қабат бетінің атипиялығы. Зақымдалған аумақтың өткізгіштігінің бұзылуы, өңештің зақымдалған және сау бөліктерінің шекарасындағы пішінінің өзгеруі.

Асқазан рентгеноскопиясына қарсы көрсеткіштер: гастрит, эпигастрия аумағында ауырсыну мен диспепсия, өт жолы мен ұйқы безінің аурулары, асқазан және ішек қансырауы.

Жара ауруының тікелей рентгенологиялық симптомына пішінінде немесе бетінде ойықтың болуы жатады.

Асқазан қылтамағына (рак желудка) ортақ рентгенологиялық симптомдар: келбеті ирек немесе қисық болып келген шеткері немесе орталық толу, асқазан қуысының тарылуы мен деформациясы, қабырғаларының қаттылығы мен аперистальтикалық аумақ, кілегейдің атипиялық беті, зақымдалған аумақтың өткізгіштігінің бұзылуы.

Ирригоскопияға тікелей көрсеткіштер: тоқ ішектегі ісіктің таралуын анықтау (колоноскопиядан кейін), тоқ ішектің дивертикулдары.

Ирригоскопияға шартты көрсеткіштер: тоқ ішек ісігінің скринингте анықталуы, дивертикулит, белгісіз генезді анемия.

Ирригоскопияға қарсы көрсеткіштер: колит, диарея, тоқ ішектің полипі, мелена, ушыққан тоқ ішек синдромы.
Тоқ ішек бітелісінің рентгенологиялық симптомдары: тостағандардың аз мөлшері, жиек ішектің қампаюынан қарын қуысының шеттерінің едәуір жарықтануы, кілегей қабатының бетіне тән жарты ай тәріздес қатпарлардан құралған қыртысы, ішек саңылауында кедергі тұрған жердің жоғарғы жағынан қидың жиналуы (газ көпіршіктері бар тығыз көлеңке).
**4. Иллюстративті материал:** негатоскоп, рентгенограммалар, таблицалар, слайдтар.

**5. Әдебиеттер:**


Негізгі:
1. Лучевая диагностика : учебник / М-во образования и науки РФ ; под ред. Г. Е. Труфанова. - ; Рек. ГОУ ВПО "Первый МГМУ им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 496 с.
2. Сәулелі диагностика: оқулық / РФ білім және ғыл. министрлігі ; Г. Е. Труфановтың редакциясымен; қазақ тіліне ауд. А. Б. Ахметбаева; жауапты ред. А. Қ. Ахметбаева. - ; И. М. Сеченов атындағы ГОУ ВПО "Бірінші Москва мемл. мед. ун-ті" ұсынған. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 576 бет. с.
3. Лучевая диагностика : учебник / М-во образования и науки РФ ; под ред. Труфанова Г. Е. - ; Рек. ГОУ ВПО «Первый МГМУ им. И. С. Сеченова» .–М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 496 с
4. Лучевая терапия: учебник / М-во образования и науки РФ ; под ред. Г. Е. Труфанова. - Рек. ГОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 208 с.
5. Илясова, Е. Б. Лучевая диагностика [Текст] : учеб. пособие / Е. Б. Илясова, М. Л. Чехонацкая, В. Н. Приезжева. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 280 с. : ил
6. Лучевая диагностика заболеваний органов дыхания и средостения [Текст] : учебное пособие / Е. Б. Бекмуратов [и др.] ; М-во здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Шымкент : [б. и.], 2016. - 104 с

Қосымша:
1. Лучевая диагностика органов грудной клетки: национальное рук. / Гл. ред. серии С. К. Терновой, Гл. ред. тома В. Н. Троян, А. И. Шехтер. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 584 с.
2. Бургенер, Фрэнсис А. Лучевая диагностика заболеваний костей и суставов. Более 1000 рентгенограмм: руководство: атлас: пер. с англ. / Фрэнсис А. Бургенер, М. Кормано, Т. Пудас ; под ред., С. К. Тернового, А. И. Шихтера. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 552 с.

Электронды ресурстар:
1. Лучевая диагностика заболеваний органов дыхания и средостения [Электронный ресурс] : учебное пособие / Е. Б. Бекмуратов [и др.] ; М-во здравоохранения и социального развития РК. ЮКГФА. - Электрон. текстовые дан. - Шымкент : [б. и.], 2016. - эл. опт. диск (CD-ROM)(8.91Мб)
2. Сәулелі диагностика [Электронный ресурс] :оқулық / қазақтіл. ауд. А. Б. Ахметбаева ; ред. басқ. Г. Е. Труфанов. - Электрон. текстовые дан. (421Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 576б. с.
3. Патоморфология и лучевая диагностика некоторых заболеваний легких невоспалительной природы у недоношенных новорожденных
Серикбай М.Қ. , 2020/https://aknurpress.kz/login
4. Дифференциальная диагностика и лечение туберкулеза у взрослых и детей.Бекембаева Г.С., Жандаркулов А.А. , 2018/https://aknurpress.kz/login
5. Диагностика и лечение заболеваний органов дыхания.
Имангазинова С.С. , 2016/https://aknurpress.kz/login
6.Лучевая терапия : Учебник. / Под ред. Г.Е. Труфанова. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2018. - 484 с. http://rmebrk.kz6.

**6. Бақылау сұрақтары:**

- Өңеш пен асқазанның сәулелік анатомиясы
- Өңеш пен асқазанның сәулелік диагностикасы
- Он екі елі ішек, аш және тоқ ішектің сәулелік анатомиясы
- Он екі елі ішек, аш және тоқ ішектің зерттеу әдістері
- Бауыр, өттің сәулелік анатомиясы
- Бауыр, өттің сәулелік диагностикасы.
- Эндокрин жүйесінің сәулелік анатомиясы.
- Эндокрин жүйесінің сәулелік диагностикасы.
- Ас қорыту және эндокрин жүйелерінің оңтайлы сәулелік әдісін таңдау
- Ас қорыту және эндокрин жүйелерінің сәулелік зерттеулерінің көрсеткіштері мен кері көрсеткіштерін анықтау
- Ас қорыту және эндокрин жүйелерінің зерттеу әдісіне өткізуге пациенттерді дайындау